

Созақ ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 44 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 19 шілдеде № 14-12-144 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 мамырдағы № 99 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 29.05.2013 № 99 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларына, табыстарын есепке алмай, өтемақы алу үшін, ай сайын 22 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес а н ы қ т а л с ы н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының
VIII сессиясының төрағасы: М.Сапаров

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы: М.Исаев

Созақ аудандық мәслихатының
2012 жылғы 27 маусымдағы

№ 44 шешіміне қосымша

«Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған балалары бар отбасыларына, табыстарын есепке алмай әлеуметтік көмек алу үшін:

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұлғаның өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алушының салық төлеуші куәлігі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 4) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;
- 6) алушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат және заңды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі;
- 7) адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырғандығын дәлелдейтін

а н ы қ т а м а

ұ с ы н ы л а д ы .

2. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылады.